



GreenLine. VERDA

Сіздің тарихыңыз осы жерден басталады

Мазмұны

3	Бигвилль туралы
4	Орналасқан жері
5	Орам туралы
6	Маңыздының барлығы жаныңызда
11	Архитектура және дизайн
14	Абаттандырылған аула
17	Дәліздердің сәнді интерьері
19	Сіздің пәтеріңіз
21	Ақылды технологиялар
22	Жайғастыру шешімдері
24	Функциялы үй-жайлар
25	Бизнеске арналған үй-жайлар
26	Ипотека және онлайн сатып алу
28	BI Service және бақыт министрлігі
30	BIG App мобильді қолданбасы
31	BI Club бейілділік бағдарламасы
32	Қосымша опциялар

Бигвилль туралы

GreenLine бигвиллі Қ. Мұхамедханов, Әнет баба, Сығанақ көшелері мен Тұран даңғылының шаршысында орналасқан.

Заманауи шешімдер, қоршаған ортаға зиянсыз технологиялар – барлығы сіз өмір сүретін ең жақсы ортаны қалыптастыруға арналған.



122 га бигвилль аумағы



2029 жыл толық жүзеге асырылатын мерзімі

10

Жүзеге асырылған орам

-нан астам



СДАН


СТРОИТСЯ

ПЕРСПЕКТИВА

Орналасқан жері

Жаңа тұрғын үй кешені беделді ауданда, «Хан Шатыр» сауда орталығының дәл артында орналасқан.

Ол керемет көріністердің арқасында басқа жаңа құрылыстардың арасында ерекшеленіп тұрады. Жақын маңда екі мектеп, сондай-ақ Waterline саябағы, GreenLine желекжолы және «Хан Шатыр» сауда орталығының өзі сияқты тартымды демалыс орындары бар.



Орам туралы

Verda – тазалықтың, берекенің, өмірдің көрінісі, өсіп келе жатқан қоғамдастық қуатын паш етіп, үйлеріміздің келбе-ті де өзгеріп келеді.

GreenLine архитектурасы – заманауи архитектуралық шешімдер мен ықшамдықтың тамаша үйлесімі.

Бизнес

санаты

43-168 м²

пәтерлердің ауданы

9-12

қабат

1, 2

кезек

*Материалдардың түстері күн сәулесінің, көлеңкенің түсу бағытына, басып шығару тәсілдерінің ерекшеліктеріне және тасымалдағыштың түсті беруіне байланысты шынайы өмірдегіден сәл өзгешеленуі мүмкін.



Маңыздының барлығы жаныңызда

Бигвилль аумағы

Сізге жайлы болуы үшін бигвилльде күнделікті өмірге қажет нәрселердің барлығы: супермаркеттер, балабақша-лар, емханалар, сұлулық салондары және көптеген басқа да орындар қол созым жерде орналасқан.



5 мин

Quantum мектеп



2 5 мин

Жайлы мектеп



2 мин

Green Mall COO



5 мин

Waterline саяжолы



7 мин

GreenLine саяжолы



6 мин

Хан Шатыр COO



5 мин

Invictus, Фитнес клубы



6 мин

BI ART мектебі



Маңыздының барлығы жаныңызда

GreenLine саяжолы

Сіз әрқашан бос уақытыңызда ағаштардың гүлдегенін тамашалап, қаланың қарбаласынан тыныға аласыз немесе жай ғана бесік арбамен желекжолда серуендеп, табиғат сұлулығынан ләззат ала аласыз.

GreenLine саяжолы — қаланың негізгі көрікті орындары: «Хан Шатыр» сауда ойын-сауық орталығынан, «Бәйтерек» монументінен және Ақорда Президент резиденциясынан бастау алатын елорданың басты сулы-жасыл желекжолының жалғасы.

*Сурет шартты сипатқа ие.



Маңыздының барлығы жаныңызда

WaterLine саяжолы

WaterLine саяжолы – табиғи және урбанистік элементтер тамаша үйлесім тапқан GreenLine бигвиллінің бірегей жобасы. Оның тұжырымдамасы дизайнның барлық бөліктерінен көрініс тапқан су күшінен шабыт алады. Саяжол «Бу» және «Су» тақырыптық аймақтарына бөлінген, олардың әрқайсысы келушілерге демалыс пен ойнауға әр алуан түрлерін ұсынады. Аймақтар интерактивті элементтерге толы және әрқайсысы өз атмосферасымен ерекшеленеді.

Жаяу жүргіншілер саяжолында серуендеу – талғамдар мен стильдер әлеміне саяхат. Тұрғын үй кешендерінің бірінші қабаттарында орналасқан сәнді мейрамханалар, көше тағамдары мен butikтер қайталанбас атмосфера қалыптастырады. WaterLine – әркім өз шабытын табатын жаңа қала кеңістігінің жүрегі.

*WaterLine саяжолы GreenLine.Silva тұрғын үй кешенінен GreenLine.Aurora 1 тұрғын үй кешеніне дейін созылады.

*Саяжолды аяқтау 2028 жылға жоспарланған.




Маңыздының барлығы жаныңызда

Жайлы мектеп және Quantum STEM* School

*Science, technology, engineering and mathematics

Үйге жақын жерде оқу — енді бұл мүмкін! Орамда балабақшалар мен үш мектеп, соның ішінде BI Group және Lancaster Group компаниялары ұсынған, ағылшын тіліне, технологияларға және математикаға баса назар аударылатын беделді Quantum STEM мектебі бар.

Сонымен қатар, мұнда тиімді оқу және ыңғайлылық үшін қажет болатын барлық нәрселермен: заманауи оқу кабинеттерімен, зертханалармен, шкафтармен, қарым-қатынас аймақтарымен жабдықталған «жайлы мектептер» жұмыс істейді. Бұл мектептер орын тапшылығы мәселесін шешеді және балалардың табысты дамуына жағдай жасайды.



*Мектеп пайдалануға берілді

Маңыздының барлығы жаныңызда

BI ART мектебі

BI ART — балалар мен жасөспірімдерге, сондай-ақ өз әлеуетін ашқысы келетін ересектерге арналған креативті мамандықтардың көп пәнді мектебі. Бұл — шығармашылық саналы таңдауыңызға айналып, сүйікті ісіңізде болашағыңызды құруға жол ашатын заманауи орта.

Оқушылар әртүрлі бағыттарда: музыка өнерінде, актерлік шеберлікте, көпшілік алдында сөз сөйлеуде, Digital & Visual Arts пен хореографияда өздерін сынап көре алады. Мұндай формат жеке тұлғаның даралығын ашуға, өз бағытын табуға және қабілеттерін сенімді түрде дамытуға көмектеседі.



Архитектура және дизайн

GreenLine. Verda тұрғын үй кешені – ықшам және сәнді келбетімен баурап алатын заманауи сәулет өнерінің жауһары.



*Материалдардың түстері күн сәулесінің, көлеңкенің түсу бағытына, басып шығару тәсілдерінің ерекшеліктеріне және тасымалдағыштың түсті беруіне байланысты шынайы өмірдегіден сәл өзгешеленуі мүмкін.

Архитектура және дизайн

Құрылыс материалдары

Қасбеті -
алюминий панельдер,
клинкер тақта

Қасбеті -
алюминий профиль

Қаңқасы -
кірпіш

Терезелері -
Еуропада жасалған, үш
қабат әйнектелген металл
пластик терезелер, 5
камералы профиль

*Материалдардың түстері күн сәулесінің, көлеңкенің түсу бағытына, басып шығару тәсілдерінің ерекшеліктеріне және тасымалдағыштың түсті беруіне байланысты шынайы өмірдегіден сәл өзгешеленуі мүмкін.



Архитектура және дизайн

Құрылыс материалдары

GreenLine. Verda тұрғын үй кешені архитектура мен материалдарға заманауи көзқарасымен ерекшеленеді. Кешеннің негізгі құрылыс материалы – табиғи кірпіш оның сенімділігін, беріктігін және экологиялылығын көрсетеді. Кірпіш тамаша жылу және дыбыс оқшаулау қасиеттеріне ие, бұл жылдың кез келген мезгілінде жайлы өмір сүруді қамтамасыз етеді.

Табиғи кірпішті пайдалану қасбеттерге эстетикалық көркемдік беріп, ғимараттарға қатаң, сонымен бір мезгіл-де жайлы көрініс береді. Бұған қоса, материалдың сыртқы әсерлерге төзімділігі белгілі, бұл үйлердің бастапқы көрінісінің көптеген жылдар бойы сақталатынына кепілдік береді.

*Материалдардың түстері күн сәулесінің, көлеңкенің түсу бағытына, басып шығару тәсілдерінің ерекшеліктеріне және тасымалдағыштың түсті беруіне байланысты шынайы өмірдегіден сәл өзгешеленуі мүмкін.



Абаттандырылған аула

GreenLine. Verda ауласы тыныштық пен қауіпсіздік атмосферасы орнаған жайлы үйіңіздің жалғасы іспетті. Қылқан жапырақты және жалпақ жапырақты өсімдіктердің жасыл желегіне бөленген аула жылдың кез келген мезгілінде көз қуантады.



Ландшафттық көгалдандыру



Көліксіз жабық аула



Workout аймағы



Заманауи самалжайлар



BBQ аймағы



24/7 жұмыс істейтін бейнебақылау + кіруді бақылау жүйесі



*Материалдардың түстері күн сәулесінің, көлеңкенің түсу бағытына, басып шығару тәсілдерінің ерекшеліктеріне және тасымалдағыштың түсті беруіне байланысты шынайы өмірдегіден сәл өзгешеленуі мүмкін.



Көгалдандыру

Тұрғын үй кешендерін көгалдандыру үшін өсімдіктерді ең жақсы еуропалық тәлімбақтардан аламыз, бұл олардың сапасы мен өміршеңдігіне кепілдік береді. Компанияның дендрологтардан, ландшафт дизайншылары мен бағбандардан тұратын қамқор командасы аймақтың климаттық сипаттамаларына сәйкес материал таңдайды, жас өскін кезінен бастап үлкен ағаш болғанға дейін бірнеше жыл бойы сүйемелдеп, өсімдіктердің жерсінуі мен өсу қарқынын қамтамасыз етеді. Жобаның жалпы аумағының 30%-дан астам бөлігінде үй кеңістігі мен үй маңындағы кеңістік көгалдандырылған.

Сіздің үйіңізді көгалдандырудың ерекшеліктері:




Жан-жақты ойластырып, өсімдіктерді аймақтарға бөлу



Үйлесімді түс композициялары



Өсімдіктерге күтім жасау



Сурет шартты сипатқа ие. Көшет материалының өсуі бес жылға жуық уақыт алады.

Біз тұрғындардың табиғаттан ләззат алуы үшін айналаны көгалдандырамыз. Жасыл желекті аймақтар мегаполисте жанға жайлы тыныштық оазистерін жасайды. Аптап ыстықта ағаштардың саясында серуен құру, жапырақтардың сыбдырына құлақ түріп, жылдың әр мезгілінде ағаштардың түсі қалай өзгередінін бақылау сондай ғанибет.

Дәліздердің сәнді интерьері

Әдемі кіру топтары мен дәліздер тұрғын үй кешенінің тұрғындары мен қонақтарына алғашқы минуттардан бастап жайлылық сезімін сыйлайды.

Ыңғайлы навигациясы бар жарық кеңістік жылдам бағдарланып, өзіңізге қажет пәтерді табуыңызға көмектеседі.



Әр кіреберісте арбалар тұрағы бар



Күту аймағы



Витражды кіру тобы



Бір кіреберісте 2 лифтке дейін болады



МДФ, керамогранит



Дара дизайн

*Материалдардың түстері күн сәулесінің, көлеңкенің түсу бағытына, басып шығару тәсілдерінің ерекшеліктеріне және тасымалдағыштың түсті беруіне байланысты шынайы өмірдегіден сәл өзгешеленуі мүмкін.





Сіздің пәтеріңіз

Жарық пен жылуға толы бұл пәтерлерде жайлылық үшін барлық жағдай жасалған. Жайғасымын мұқият ойластырып, аймақтарға сауатты бөлу әр кеңістікті функциялы етеді, ал форматын таңдау дәл сізге қолайлы нұсқаны таңдауға мүмкіндік береді. Сіздің өмір салтыңызға бейімделетін пәтерде сіздің жаңа тарихыңыз басталады.

- Бүкіл пәтер, соның ішінде санитарлық торап жөндеуден өтіп, дайын күйде ұсынылуы уақыт пен қаражатты үнемдейді — жай ғана кілтін алып, бірінші күннен бастап рахатын көріңіз.
- Бастапқы әрлеу өзінің дизайнерлік идеяларын жүзеге асырып, бірегей интерьер жасағысы келетіндерге арналған.



Терезелерде балалардың құлауынан қорғаныс



Негізгі әрлеу



Дизайнерлік кіру есіктері



Пәтерлердің ауданы 43-168 м²



Электронды құлыптар



Hikvision маркасындағы IP-домофон жүйесі



Төбесінің биіктігі: 3-3,3 м

Терезесінің биіктігі: 2,5-3,3 м

Сіздің пәтеріңіз

Негізгі әрлеу

Greenline. Verda тұрғын үй кешеніндегі негізгі әрлеудің артық-шылықтары.

Greenline.Garden орамынан пәтер сатып алғанда, сіз оны негізгі әрлеуде аласыз. Бұл шешім уақытты ғана емес, қаражатты да үнемдей отырып, сізге ыңғайлылық пен тиімділікті қамтамасыз етеді.

Негізгі әрлеу қабырғаларды, едендерді және төбелерді тегістеу сияқты ең шулы және «лас» жұмыстарды қамтиды. Осының арқасында сіз өз идеяларыңызды барынша аз шығынмен жүзеге асыра отырып, соңғы әрлеу және дизайн кезеңіне бірден кірісе аласыз.




Төбесі – төбеде электр кабельдері тартылған, бұл жоба бойынша жарықтандыруды жеңілдетеді.



Электрмен жабдықталуы – бүкіл пәтерге электр желісінің сымдары тартылды.



Кіру есіктері – екі жағынан МДФ панелімен қапталған, электронды құлыппен жабдықталған металл есік.



Жылыту жүйесі толық орнатылды және пайдалануға дайын.

Ақылды технологиялар

Электронды құлыптар

Valencia V9 маркасындағы электронды құлып қосымша жайлылық береді. Онымен сөмкеден кілт іздеу туралы ұмытуға болады.

Жай ғана ыңғайлы тәсілді таңдаңыз.

Ашу тәсілдері:

- Саусақ ізінің сканері
- Кодты шифрлау функциясы
- Қосарлы сәйкестендіру режимі
- Кіріктірілген дабыл жүйесі




Таңдалған өндіруші желісіне байланысты электронды құлыптың түрі шын мәнінде фотосуретте көрсетілгеннен өзгеше болуы мүмкін.

IP-домофон жүйесі

Hikvision маркасындағы IP-домофон – домофон жүйелерінің арасын-дағы озық шешім, ол деректерді беру үшін бейнебайланыс сапасын жақсартатын цифрлық желіні пайдаланады.

Мүмкіндіктері:




- Келушімен бейнебайланыс арқылы сөйлесу
- Бір түймені басу арқылы күзет орнымен байланысу
- Тұрғын үй кешеніндегі бақылау камераларына қол жеткізу (қосымша опция)



Таңдалған өндіруші желісіне байланысты панельдің интерфейсі мен түрі шын мәнінде фотосуретте көрсетілгеннен өзгеше болуы мүмкін.





Жайғасымдар

* басыңыз да, сайттан өз жайғасымыңызды таңдаңыз



Жайғасымдар

* басыңыз да, сайттан өз жайғасымыңызды таңдаңыз



Функциялы үй-жайлар



Төбесі жабық көлік тұрағы

Жабық көлік тұрағында көлігіңізді жауын-шашыннан, қатты аяздан немесе аптап ыстықтан, сондай-ақ зиянкестерден қорғаңыз.

Бұған қоса, сіздерге ыңғайлы болуы үшін көлік тұрағында әр кіреберіске арнап азық-түлік таситын арба қарастырылған.

* бөлек сатып алынады



Велосипед тұрағы

Велосипедті бекіту үшін жақын маңнан ағаш, тірек немесе қоршау іздеудің қажеті болмайды. Біз сізге ыңғайлы болатын жер үсті және қабырғалық велосипед тұрақтарын қарастырдық.



Boxroom

Пәтеріңізді маусымдық заттармен ыбырсытпау үшін спорт жабдықтарын, шиналар мен дискілерді, маусымдық киімдерді, құралдарды және көптеген басқа да нәрселерді жеке boxroom-ыңызда сақтауға болады.

* бөлек сатып алынады

Бизнеске арналған үй-жайлар

Біздің коммерциялық үй-жайларымыз негізінен тұрғын орамдардың бірінші қабаттарында орналасады. Коммерциялық үй-жайлардың ауданы әр түрлі болуы және еркін жайғасымы сізге әр түрлі бизнес түрлеріне арнап таңдау мүмкіндігін береді.



Алдыңғы қатар




Жаяу жүргіншілер ағыны



Көліктің көп жүруі



6000-нан астам тұрғын



Төбесінің биіктігі: 4,2 метрге дейін



Кешен аумағындағы саяжол



Қонақтарға арналған көлік тұрағы қарастырылған



Дамыған инфрақұрылым



Ипотека

 басыңыз да, сайтқа өтіңіз

Барлығына арналған бағдарламалар

 **0,1%-дан басталатын мөлшерлеме**

Ыңғайлы мөлшерлемені таңдап, ай сайынғы төлемдерді өзіңізге қолайлы етіп жоспарлаңыз.

 **15-тен көп жеке бағдарлама**

Сіздің қажеттіліктеріңіз барынша ескерілетін талаптармен ипотека рәсімдеңіз.

 **20%-дан басталатын бастапқы жарна**

Бастапқы жарнаға қолыңызда пәтер құнының жартысынан азы болса да, ипотека рәсімдеп, өз пәтеріңізде тұрыңыз.

 **Қосымша кепілсіз**

Кепілге қою үшін қосымша жылжымайтын мүлік іздеуіңізге тура келмейді, кепіл ретінде ипотекаға алынған пәтерді рәсімдеңіз.

 **Қарыз сомасы – 100 млн. теңгеге дейін**

Сізге ыңғайлы қарыз сомасы пәтер таңдаудағы шектеулерді жояды.

 **Online-ипотека**

Банкке бармай-ақ 30 минут ішінде ипотекаға жылжымайтын мүлік сатып алыңыз. Уақытыңыз бен ақшаңызды үнемдеп, бос уақытыңызды сүйікті істеріңізге арнайсыз.


 бейнежазбаны көру үшін басыңыз





Online сатып алу

Оңай. Жылдам. Ыңғайлы.

Неліктен online сатып алуды таңдаған дұрыс?


 **Уақыт үнемдеу**
Кептелістер, бағдаршамдар және кезектер туралы ұмытыңыз. Пәтерді рәсімдеу 30 минут уақытыңызды алады.


 **Икемді төлем тәсілдері**
Бөліп төлеу, ипотека немесе толық есеп айырысу — өзіңізге қолайлы нұсқаны таңдаңыз.

 **Ашықтық және сенімділік**
BI Group барлық операциялардың қауіпсіздігі мен ыңғайлылығына кепілдік береді.

1. BIG App арқылы өздігінен сатып алу


- Сіз пәтер таңдап, шартқа қол қоясыз және төлемді өзіңізге ыңғайлы уақытта қолданба арқылы төлейсіз.
- Мәміле аяқталғаннан кейін сізге барлық кейінгі кезеңдерде қолдау көрсететін дербес менеджер бекітіледі.

 **Әлемнің кез келген жерінен қол жеткізу**
Шетелде жүріп-ақ жылжымайтын мүлік сатып алыңыз.

 **Әр кезеңде қолдау көрсету**
Сұрақтарыңызға жауап беріп, көмек көрсету үшін мамандарымыз әрдайым байланыста болады.

2. Цифрлық сату офисі менеджерінің көмегімен сатып алу

- Сіз сайтта немесе қолданбада өтінім қалдырасыз.
- Менеджеріміз сізге кеңес беріп, мінсіз пәтер таңдауға және мәміле рәсімдеу процесін аяқтауға көмектеседі.



BI Service

 <https://bi.group/ru/page/service>

20 жыл бойы бізге бүкіл Қазақстан бойынша және одан тыс жерлерде 500 мыңнан астам тұрғын сенім білдіреді.

BI Service басқарушы компаниясы сіздің еш нәрсеге уайымдамай, жаңа үйіңіздегі өмірден ләззат алуыңыз үшін клиенттердің жайлы және қауіпсіз тұру жайын өз мойнына алады.

Тұрғын үй кешеніне қатысты кез келген сұрақтарыңыз бойынша жеке менеджер әрқашан көмектеседі.

Біз 7 млн.м²-ден астам аумаққа қызмет көрсетеміз

 > 1 000
тұрғын үй кешені

 > 2 500
коттедж

 > 34 000
тұрақ орны

 > 4 500
офис

Бізді ерекшелендіретін нәрселер:

- Кәсіби мамандар командасының жоғары сарапшылық деңгейі;
- Жүйелердің техникалық жай-күйін қатаң бақылау;
- 24/7 жедел ақпарат беру;
- Әр клиентпен жеке қарым-қатынас жасау;
- Заманауи технологияларды қолдану;
- Ашық қаржылық басқару;
- Бірыңғай сапа стандарттары.

Пайдалану қызметтерінің тарифтері*:
тұрғын үй-жайлар – м²-іне 300 теңгеден басталады,
офистер – м²-іне 599 теңгеден басталады,
тұрақ орны – 12 000 теңгеден басталады.

*Тариф ортақ қолданыстағы аймақтардың жабдықтылығына, үй мен жабдықтың сипаттамаларына байланысты қалыптасады.



Бақыт министрлігі



Біз клиенттерімізге қамқорлық жасай отырып, тұрғындардың бос уақытын ұйымдастыратын және олардың әрқайсысы өзін үлкен BI отбасының бір бөлігі ретінде сезінуі үшін тату көршіліктің жылы атмосферасын қалыптастыратын Бақыт министрлігін құрдық.

Біз тұрғындардың көршілердің ауызбіршілігін арттыруға бағыт-талған бастамалары мен жобаларын қолдаймыз.



Бақыт министрлігімен барлық отбасылардың бос уақыты қызықты оқиғаларға толы болады:

- Шағын футболдан жарыстар;
- Шығармашылық шеберлік сабақтары;
- Үстел теннисінен турнирлер;
- Концерттер мен көрмелер;
- Таза ауада жаттығу;
- Бірлескен мерекелер;
- Тауға жорыққа шығу;
- Аулада фильмдер көру.

BI Green

Ағаш отырғызу – отбасымен және көршілермен бірге жақсы уақыт өткізу.

Біз тұрғындармен бірлесіп, 50 000-нан астам ағаш пен бұта отырғыздық. Кәсіби дендрологтар өсімдіктердің жерсінуіне және көптеген жылдар бойы аулалардың сәнін кіргізуіне жағдай жасайды.



BIG App мобильді қолданбасы

BIG App – BI Group клиенттеріне арналған онлайн қызметтер экожүйесі.

Көп деңгейлі қауіпсіздік жүйесінің арқасында біз деректеріңіздің сақталуына кепілдік береміз.



- Сатылымдардың басталуы туралы хабарландыру
- BI Group жеңілдіктері мен акциялары



- Жылжымайтын мүлікті таңдау
- Пәтерлерді онлайн сатып алу



- Құжаттар мен төлемдер
- Құрылыс барысы (live құрылысы)




- Ашық есіктер күніне және кілттерді табыстауға жазылу
- Үй-жайды қабылдаудың электронды актісі



- Сервистік өтінімдерді беру және олардың орындалуын бақылау
- Үй шығындарын қадағалау



- BI Club – жылжымайтын мүлікке жеңілдіктер және серіктестерден cashback
- BIG App-тағы онлайн сервистер




BI Club бейілділік бағдарламасы

BI Group-тың барлық клиенттері кейіннен жылжымайтын мүлік сатып алуға жеңілдік алады, сонымен қатар, BIcoin-дарды (бонустарды) жинақтап, оларды серіктестеріміздің жүлделеріне/ супер жүлделеріне айырбастау мүмкіндігіне ие болады!

Қазіргі уақытта картаның 8 түрі бар:

<u>Жылжымайтын мүлік түрі:</u>	<u>Пәтерлер</u>	<u>Офистер</u>	
BI BRONZE	1 сатып алу	4%	5%
BI BRONZE+	2 сатып алу	5%	6%
BI SILVER	3 сатып алу	6%	7%
BI SILVER+	4 сатып алу	7%	8%
BI GOLD	5 сатып алу	8%	9%
BI GOLD+	6 сатып алу	9%	10%
BI PLATINUM	7+ сатып алу	10%	11%
BI DIAMOND		12%	13%



BIcoin-дар (бонустар) алу және супер жүлделерді ұтып алу үшін BI Club бөлімінде кез келген сатып алу чегін жүктеңіз! Толығырақ  loyalty.bi.group

Қосымша опциялар

ПАЙДАЛАНУҒА ТОЛЫҚ ДАЙЫН ПӘТЕРЛЕРДІ ТАЗА ӘРЛЕУ



- Ыңғайлы төлем бағдарламалары
- Топтамалық шешімдер
- Жөндеуді бастамай тұрып көру мүмкіндігі
- Сапаны бақылау бөлімі
- Жөндеуден кейінгі жинап-тазалау
- Бригада мен материалдар іздеуге уақыт кетірудің қажеті жоқ
- 12 айға дейінгі кепілдік
- Жөндеуді қашықтан бақылау

АҚЫЛДЫ ҮЙ



- Қауіпсіздік
- Жайлылық
- Ресурс үнемдеу

Элементтерді басқаратын датчиктер мен орындау құрылғыларын қамтитын, интернет арқылы үйді, офисті және ғимараттарды басқарудың бірыңғай жүйесі.

ҚҰРЫЛЫС САЛУШЫДАН ТАЗА ӘРЛЕУ

Сізге жайлы және ыңғайлы болуы үшін біз пәтерлерді таза әрлеу ұсыныстарының Start, Classic, Pro үш топтамасын дайындадық. Біз тек сапалы материалдарды, технологиялық шешімдері бар заманауи дизайнды қолданамыз. Артық машақатсыз дайын пәтерге көшіңіз.



Уақыт үнемдеу



Жөндеу сомасы ипотекаға кіреді



1 жылға кепілдік



Құрылыс салушыдан сенімді жөндеу жұмыстары



Start



Classic



Pro

Байланыс

Астана қ.

Сығанақ көшесі, 62/3
Viva Plaza БО

Сарайшық көшесі, 5г,
Лазурный квартал ТҮК

Рыскулов көшесі, 9
Nexro Trend ТҮК

Шымкент қ.

Назарбаев даңғылы, 55
Желтоқсан к-сі, 28

Караганда қ.

Бұқар жырау даңғылы, 51/4.
51 бизнес орталығы

Алматы қ.

Тимирязев көшесі, 28в
«Гранд Алатау» БО

«Arena Park» бигвиллі
Момышұлы көшесі, 10/2

Атырау қ.

Тайманов д-ы 42А
Altyn Zaman ТҮК

Қ. Сәтбаев даңғылы, 43а
Infinity Mall СОО

Онлайн сату
орталығы

 **360**



Keңec ayу

Жобаның архитектурасы, абаттандырудың, қасбеттердің, ішкі көріністің, қолданылатын материалдардың суреттері, олардың нөмірленуі, кешеннің инфрақұрылымы шартты болып табылады және жобалау, салу және пайдалану барысында өзгертілуі мүмкін. Бұл тұрғын үй кешені бойынша үлескерлердің ақшасын тартуға 20.03.2025 №14 рұқсат алынды. Құрылыс салушы: «BI City Stroy» ЖШС. Үкілетті компания: «GL Aqua P» ЖШС
Бұл жарнама, ҚР АҚ 395-бабына сәйкес, жария оферта болып табылмайды.

Буклеттің жаңартылған күні: 28.05.2026

 **BI GROUP**